

Абайлаңыз! Алаяқтар! Өзіңізді алдауға жол бермеңіз!

Құрметті Fortebank клиенттері, әлеуметтік инженерия жағдайларының көбеюіне байланысты, сіздерге алаяқтардың арбауынан сақтануға кеңес береміз:



01

Егер сізге Ұлттық банктің немесе басқа банктердің, полицияның, Қауіпсіздік қызметінің, прокуратураның атынан қоңырау шалып, **«ақшаңызды құтқару»**, **«кіру рұқсатын қалпына келтіру»**, **«жеке басыңызды растау»** сияқты техникалық қолдау туралы айта бастаса, дереу қоңырауды аяқтаңыз да, дереу қызмет көрсетуші менеджерге өзіңіз хабарласыңыз!

02

Құпия сөзді және **онлайн-банкінгтен келген OTP-кодты** ешқашан, ешкімге бермеңіз!

03

Пошта арқылы контрагенттің деректемелерін алған кезде, **ақпаратты телефон арқылы қайта тексеріп алыңыз!**

04

Мессенджерлерден, әсіресе белгісіз телефондардан келген ақпаратты тексеріңіз!

05

Белгісіз **контактілерден немесе шетелдік** нөмірлерден түсетін қоңырауларға тыйым салыңыз!



06

Егер сіз операцияларды жүргізу функцияларын банктің есеп жүйелеріне енгізілмеген тұлғаларға беретін болсаңыз, қаржылық шығынның тәуекелін күшейтесіз;

07

Егер өзін банктің немесе мемлекеттік органның өкілімін деп таныстырған тұлғаның өкілеттігіне немесе жеке басының түпнұсқалығына күмәніңіз болса, **оған дербес деректеріңізді немесе банктік құпияларыңызды** (шот және ондағы қалдықтар, шоттың нөмірі, деректемелері, карталар туралы) хабарламаңыз;

- банктің жеке тұлғалар мен клиенттерге ұсынатын **кибергигиена және қаржылық қауіпсіздік** шараларын сақтаңыз;
- **есептік деректерді, құпия сөздер мен логиндерді** үшінші тұлғалардан құпия сақтаңыз;
- **инвестициялауға қатысу** кезінде қырағы болыңыз;
- **сауда жасау, тапсырыстар беру үшін тексерілген, ресми сайттар** мен сілтемелерді пайдаланыңыз;
- жаңа, тексерілмеген деректемелер бойынша 100% алдын **ала төлем жасаудан аулақ болыңыз**;
- **интернетте және мобильді банкінгте операциялар жүргізу кезінде** жария WI-FI желілерін пайдаланбаңыз;
- өзіңіздің төлем құралдарыңыз бен есептік **деректеріңізді үшінші тұлғаларға, тіпті туыстарыңызға да беруге болмайды**;
- **дауыстық хабарламаларды және өзге де биометриялық деректерді**, өзіңіз, достарыңыз және жақын туыстарыңыз туралы ақпараттарды мессенджерден үнемі тазалап отырыңыз;
- қаржылық операцияларды жүзеге асыру кезінде немесе бейтаныс адамдардан техникалық көмек алған кезде, **AnyDesk, TeamViewer** және т.б. сияқты қашықтан пайдалану бағдарламаларын пайдалануға жол бермеңіз.

08

Алаяқтық әрекет туралы күдік туындаған жағдайда, дереу **555-75** нөмірі арқылы Банктің жедел желісіне хабарласаңыз!



Толығырақ ақпаратпен **forte.kz** сайтында танысуыңызға болады, сондай-ақ сайтқа өту үшін **QR сканерлеуіңізге** болады